

**Х.Әлімжан атындағы №85 жалпы орта мектебінің 30.08.2023 күнгі директор
жанындағы кеңестегі Күнделік кз
Анықтамасы**

Қаралатын орны: Директор жанындағы кеңес

Күні: 30.08.2023ж

Баяндаушы: Ратанова Шолпан

2023-2024 оқу жылының Kundelik kz -гі жаңашылдықтары.

1. ҚМЖ-жүктеудің жаңа жолы;
2. "ҚМЖ ның болуы" - мектеп статистикасы мәзірінің пайда болуы;
3. Түрлі мәселелер

1. Kundelik kz -тегі биылғы жаңашылдық ҚМЖ жүктеу. Ол үшін, әрбір мұғалімде Google аккаунт болуы керек. Аккаунтта Google компаниясы ұсынған 15Гб бос жад болады. Сол бос жадқа мұғалім барлық ҚМЖ-ларын салады. Google аккаунттан ҚМЖ деп бума ашып, Сол буманы **Ерекшелеп -контекстік мәзірден Поделиться-Открыть доступ - Все у кого есть ссылка** командасын беріп, буманы барлық көретін пайдаланушыларға ашық етіп жазамыз. Бумаға мәтіндік редакторда жазылған ҚМЖ-ны әр сабаққа жеке-жеке жазып жүктейміз. Жүктеу жолы **Создать - Загрузить файлы** командасы арқылы немесе ашық тұрған дискке тышканның оң жағымен көтеріп алып келіп тастаймыз. Салынған ҚМЖ-ның сілтемесін **Ерекшелеп - Контекстік мәзірден Поделиться - Копировать сылку** деп көшіріп алып, Күнделік кз-тегі сабақ бетіне орналастырамыз. (Қосымша видео түсіріліп, жіберіледі. Сол видео желісі бойынша ҚМЖ жүктеу керек).

2. **Мектеп - Есептер - экранның оң жағындағы ҚМЖ-ның болуы - Мектеп** командасын бергенде күнді көрсеткенде ҚМЖ-ның жүктелу пайыздары көрінеді. Жүктелмеген мұғалімнің пайызы 100-ге жетпейді. Сондықтан күнделікке ҚМЖ жүктеу биылғы оқу жылында маңызды.

3. Жаңадан жұмысқа орналасқан мұғалімдер мен сынып жетекшілерге күнделікті толтыру, ҚМЖ жүктеу, үй тапсырмасын беру, формативті баға қою, оқушыны тіркеу, оқушыны күнделіктен шығару жайында көмек көрсетілетіні жайында айтылды.

Ұсыныс:

1. Жаңадан жұмысқа орналасқан мұғалімдер мен сынып жетекшілерге Kundelik kz бойынша көмек Ш.Ратановамен жауапты мұғалімдермен бірігіп жұмыс жүргізілсін.

Баяндамашы:

Ратанова Ш.